

№28 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы

Білім саласы. Шығармашылық

Тақырыбы. «Бәйтерек»

Қарлығаш тобының тәрбиешісі Утаралиева Н

2021 ЖЫЛ

Білім беру саласы: Шығармашылық.

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі: Жапсыру.

Тақырыбы: «Бәйтерек»

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Геометриялық пішіндермен (дөңгелек, тік төртбұрыш, төртбұрыш) таныстыру. Бәйтерек бейнесінің бөліктерін қағаз бетіне жапсыруды, желім қалдықтарын қағаз майлықпен сүртуді, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын, сөздік қорларын жетілдіру.

Әдіс – тәсілі: Көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелеу, ойын технологиясы, ақпараттық технологиясы.

Сөздік жұмыс: Қазақстан, Астана, Бәйтерек.

Ресурстар: Бәйтерек, Ханшатыр, Пирамида, Ақорда макеттері. Поезд, түрлі – түсті қағаздар, ақ парақ, желім, майлық. Ойын, ақпараттық технологиясы

Кіріспе:

«Сәлемдесу рәсімі» жаттығуы

Балалардың бүгінгі көңіл күйі сұралады.

«Миға шабуыл» әдісі

Жыл мезгілін әңгімелеу.

Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Сендер қыс мезгілінің қандай ерекшеліктерін білесіңдер?

Балалар қыс мезгілінде күн суытады, қар жауады.

Балалар біздің алдымызда қандай мереке келе жатыр?

Балалар: Тәуелсіздік мерекесі.

Тәрбиеші: Иә, балалар тәуелсіздік алғанымызға 30-жыл болыпты. Балалар сендер саяхатқа шыққыларың келе ме?

Балалар: Иә Олай болса, балалар астанамыз Нұр-Сұлтан қаласына барып әдемі, әсем ғимараттарды көріп саяхаттап қайтайық.

Саяхат.

Поездға міну (Қаланы тамашалап әңгімелеу, сұрақ-жауап)

Поездбен қайту Балалар орындарына отырады.

Негізгі бөлім:

Тәрбиеші: Балалар біз Нұр-Сұлтан қаласында болғанда сендерге ерекше ұнаған қандай ғимарат?

Балалар: Бәйтерек

Жаңа тақырыпты түсіндіру. Бүгінгі ашық оқу қызметімізде Нұр – Сұлтан

қаласында көрген Бәйтерек бейнесін геометриялық пішіндер арқылы жапсырамыз.

Өткен тақырыпқа шолу.(Сұрақ-жауаптар арқылы)

Суретпен жұмыс:Бәйтерек бейнесінің салу жолдарын көрсетіледі. Балалар бәйтерек бейнесін жапсыруға кіріседі.

Жеке балаға көмек: Көмек қажет ететін балаларға көмек беру.Балалар жұмыстарын аяқтап тақтаға іледі. Балалар еңбегін мадақтау.

Сергіту сәті (Музыка әуенімен би қимылдарын жасау)

Ойын: «Елімнің жетістіктері»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру, суреттер арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін қалыптастыру. Еліміздің жеткен жетістіктерін білу.

Ойын шарты: еліміздің 30 жылдағы жеткен жетістіктерін атай отырып орналастыру.

Қорытынды: «Ашық микрофон» әдісі арқылы

Тәрбиеші:Балалар сендер қайда бардыңдар?

Астанамыз Нұрсұлтан қаласында нелерді көрдіңдер?

Балалар ненің бейнесін жасадыңдар?

Бағалау экран арқылы: «Смайлик»

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады:Дайын пішіндерден Бәйтерек бейнесін жасай алды.

Түсінеді: Жапсыру техникаларының бастапқы дағдыларын игерді.

Қолдана алады: Желім арқылы жапсыру дағдыларын орындай алды .